



Қазақстан Республикасының Үкіметі мен BAE Systems plc компаниясының арасында Жарияламау туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 2 қыркүйек N 1134

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен BAE Systems plc

компаниясының арасындағы Жарияламау туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі Кәрім Қажымқанұлы Мәсімовке қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен BAE Systems plc компаниясының арасында Жарияламау туралы келісім жасасуға уәкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен BAE Systems plc
компаниясының арасындағы
ЖАРИЯЛАМАУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

Осы Келісім Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі - "ҮКІМЕТ") мен тіркелген кеңсесі Warwick House, PO BOX 87, Farnborough Aerospace Centre, Farnborough, Hampshire, GU14 6YU, United Kingdom мекен-жайы бойынша орналасқан BAE Systems plc (бұдан әрі - "BAE SYSTEMS") арасында жасалды.

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын BAE SYSTEMS және ҮКІМЕТ, олар Өзара түсіністік туралы меморандумда жазылған мақсаттарда ("бұдан әрі Меморандумның мақсаттары") 2000 жылғы 16 қарашада жасасқан Өзара түсіністік туралы меморандумға сәйкес белгілі меншікті немесе құпия ақпараттармен алмасуға ниетті және әрбір Тарап өзінің меншікті немесе құпия ақпаратын қорғауға тілек білдіреді.

ТАРАПТАР төмендегілер туралы КЕЛІСТІ:

1. Осы Келісімде "меншікті ақпарат" термині бір Тарап екінші Тарапқа жариялаған және "құпия" немесе "меншікті" деген тиісті жазумен немесе белгімен белгіленген кез келген ақпаратты (жазбаша немесе басқа көрінетін немесе электронды түрде), сондай-ақ бір Тарап екінші Тарапқа ауызша жариялап, жариялау сәтінде немесе бұдан кейін меншікті немесе құпия ақпарат ретінде сипатталған әрі ізінше жазбаша немесе кез келген басқа көрінетін немесе электронды нысанға аударылған, тиісті түрде белгіленген және оның көшірмесі алушы Тарапқа алғашқы ауызша жариялаудан кейін 15 жұмыс күні ішінде жіберілген, алайда, меншікті ақпаратта әлдеқалай ақпарат болмаған ретте алушы тарап оны жариялауға тілек білдірген әрі:

i. Алушы Тараптың кінәсі болмай, ол жалпыға мәлім болып табылатынын немесе б о л ғ а н ы н ; н е м е с е

ii. Оны пайдалануға немесе жариялауға шектеусіз үшінші Тараптан заңды түрде а л ы н ғ а н ы н ; н е м е с е

iii. Жариялаушы Тараптан алынғанға дейін жариялауға қандай да болсын шектеусіз бұрыннан иелікте болғанын; немесе

iv. Алушы Тараптың меншікті ақпаратты пайдаланбай тәуелсіз әзірлегенін, немесе

v. Жариялаушы Тараптың жазбаша растауымен жариялауға немесе пайдалануға (екі жағдайда да шектеусіз) мақұлданғанын дәлелдей алатын меншікті ақпаратты білдіреді.

2. Алушы Тараптың осындай меншікті ақпаратты алған күнінен бастап 10 жыл кезеңде (немесе Тараптармен келісілген басқа кезең) алушы Тарап:

i. Бұл мүмкін болғанда, қандай да бір құқықтық немесе реттеу талабын бұзбай, осы Тарап екінші Тарапты талап етілген жариялау туралы алдын ала хабардар еткен және жариялаудан бас тарту талпынысында ынтымақтасқан, жарияланатын ақпарат көлемін қысқартқан немесе ашылатын меншікті ақпаратқа құпия қатынасқа қол жеткізілген жағдайда алушы Тарап меншікті ақпаратты заңның талабы бойынша ашуға тиіс жағдайлардан басқа кезде, осы Келісімнің шеңберінде осындай іс-қимылдарға өкілеттік алғанға дейін осындай меншікті ақпараттың құпиялығын сақтауға және көшірме жасамауға немесе оны кез келген үшінші жеке немесе заңды тұлғаға ашпауға;

ii. Жариялаушы Тараптың айрықша жазбаша рұқсат етуінен басқа жағдайларда Меморандумның мақсаттарын көздеуден өзгеге осындай меншікті ақпаратты п а й д а л а н б а у ғ а ;

iii. Меморандумның мақсаттарында осындай ақпаратқа ие болуы қажеттілерінен басқа өзінің қызметкерлеріне және осындай жағдайда, егер бұл қызметкерлер осы Келісімнің шарттарымен таныстырылса және алушы Тараппен бірлесіп орындауға міндеттенсе ғана осындай меншікті ақпаратты ашпауға;

iv. Меморандумның мақсаттарында осындай ақпаратқа ие болуы қажеттілерінен басқа өзінің қызметкерлеріне, агенттері немесе кеңесшілеріне және осындай жағдайда, егер бұл қызметкерлер, агенттер немесе кеңесшілер осы Келісімнің шарттарымен таныстырылса және алушы Тараппен бірлесіп орындауға міндеттенсе ғана осындай

меншікті

ақпаратты

ашпауға;

v. Меморандумның мақсаттарында және жариялаушы Тараптың алдын ала жазбаша келісімімен қажет болғаннан басқа жағдайларда меншікті ақпаратты үшінші Тарапқа ашпауға және үшінші Тараптың алушы Тараппен бірге, осы Келісімнің шарттарын қабылдаған және орындаған міндеттемесінен кейін ғана;

vi. Жариялаушы Тараппен айтылғаннан басқа жағдайларда жариялаушы Тарапқа алғашқы талабы бойынша немесе Меморандумның мақсаттарына байланысты Тараптың орындалмаған міндеттемелерін жүзеге асыру үшін міндетті жағдай кезінде жазбаша (немесе басқа тұрақты нысанда) ресімделген ақпараттың барлық көшірмелерін жариялаушы Тарапқа қайтаруға және барлық мақаланы және басқа жазбаша есептерді немесе жариялаушы Тараппен дайындалуы мүмкін, меншікті ақпараттың кез келген бөлігін атап өтетін немесе тұратын немесе сілтейтін құжаттарды жоюға міндеттенеді, бұдан кейін ақпарат қайтарылады және осындай ақпаратқа байланысты алушы Тарап, дайындаған барлық мақала жоғарыда аталғандай жойылады.

3. Осы Келісім меншікті ақпаратқа қатысты жариялаушы Тарапқа тиесілі, оларды иелену кез келген уақытта жариялаушы Тараптың меншігінде қалатын патенттік құқықтарды, авторлық құқықтарды немесе санаткерлік меншіктің басқа нысандарын беруші немесе ұсынылатынын білдіруші ретінде түсіндірілмеуі тиіс.

4. Тараптар егер BAE SYSTEMS бірігуге, таратуға немесе қайта ұйымдастырудың басқа нысанына жататын болса, онда оның құқықтық мирасқоры бастапқы Тарап ретінде осы Келісімнің міндеттемелерін мойнына алатындығымен келісті. Жоғарыда айтылғандарға байланысты Тараптардың бір де бірі екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз өзінің осы Келісім бойынша құқықтарын үшінші Тарапқа бермейді.

5. Осы Келісімнің ешқандай да бөлігі меншікті ақпараттың кез келген бөлігіне қатысты Қазақстан Республикасының немесе Ұлыбританияның мемлекеттік құпияларының жіктеуін ауыстырушы немесе қате түсіндіруші ретінде қаралмауы тиіс және жариялаушы Тарап кез келген осындай жіктеуді мойындауға және орындауға және жариялаушы Тарап 3-бапта баяндалған міндеттемелерге қосымша талаптар туралы алушы Тарапты жазбаша ескерткен жағдайда осындай ақпаратқа тиісті абайлық және құпиялық деңгейімен қарауға міндеттенеді. Осы міндеттеменің осы Келісім қызмет ету кезеңінде және одан

кейін Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Ұлыбританияның Үкіметі (тиісінше) белгілеген сәтке дейін күші бар.

6. Тараптардың әрқайсысы меншікті ақпаратты беру, сондай-ақ жариялауды және алуды тіркеу үшін жауапты етіп мына тұлғаларды тағайындайды.

BAE SYSTEMS plc атынан:

Аты: Майкл Николсон
Лауазымы: Бағдарлама директоры
Мекен-жайы: Ұлыбритания
PR4 IAX Ланкашир, Престон
Милл Лэйн, Вортон әуеайлағы
Факс: +44 90(0) 1772 856838

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ атынан:

Аты: Кәрім Мәсімов
Лауазымы: Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникациялар министрі
Мекен-жайы: 473000
Қазақстан Республикасы
Астана қаласы
Абай даңғылы, 49
Факс: +7 3172 321 058

Бір Тарап жағынан жоғарыда аталған тұлғаның атының немесе мекен-жайының кез келген өзгеруі екінші Тарапқа жазбаша түрде хабарлануы тиіс.

7. Жоғарыда айтылғандар Тараптардың арасындағы осы Келісімнің мәніне қатысты толық келісімді құрайды; Тараптардың арасындағы осы Келісім жататын тақырыптарға қатысты немесе байланысты кез келген басқа келісімдерді, ұсынымдарды және міндеттемелерді (ауызша немесе жазбаша) ауыстырады және күшін жояды.

8. Осы Келісімге қатысты барлық ескертпе жазбаша түрде жазылуы тиіс және курьермен, факсимильді байланыспен (растайтын факсимильді есеп беру бар болғанда) немесе почтамен (почталық тізілімдегі жазумен расталған, тіркелген жеткізу кезінде) осы Келісімнің 7-бабында көрсетілген тұлғаға жеткізілгенде Тараптармен тиісті түрде қаралуы тиіс және жіберілген күнінде жолданған болып есептеледі.

9. Осы Келісім Тараптар мемлекеттерінің заңдарына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі. Даулы мәселелер туындаған жағдайда Тараптар оларды Тараптардың құзыретті органдарының арасындағы келіссөздер арқылы шешуге ұмтылатын болады. Тараптар келіссөздер арқылы келісімге келмеген жағдайда, дау Стокгольм Сауда Палатасы Төрелік Институтының Жедел Төрелік Ережелері бойынша төрелікке жіберіледі.

10. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялары бар ақпарат Қазақстан

Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен берілетін болады.

11. Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап 3 жыл ішінде күшінде болады. Осы Келісімнің мерзімі Тараптардың жазбаша келісімі бойынша ұзартылуы мүмкін. Осы Келісімнің қолданыс мерзімі біткеннен кейін де оған сәйкес ашылған ақпаратты сақтауға және таратпауға қатысты Тараптардың

құқықтары мен міндеттерін іске асыру үшін қажет бөлігінде осы Келісім ережелерінің күші болады.

12. Осы Келісім _____ қаласында 2001 жылғы _____ екі данада әрқайсысы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жасалды. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді ұстанатын болады.

Қазақстан Республикасының	BAE SYSTEMS plc
Үкіметі үшін	компаниясы үшін

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.